ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 6 қазан №1112-24-00-2/3125 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Лидер-каз-2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Лидер-каз-2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Лидер-каз-2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушы деп танылсын.

«Лидер-каз-2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлкеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Жакупов А. А., 06.10.2024
Дата вступления в законную силу: 12.11.2024, судья Жакупов А. А., 13.11.2024
1112-24-3-1/3125

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 06.10.2024

Дата вступления в законную силу: 12.11.2024, судья Жакупов А. А., 13.11.2024

1112-24-3-1/3125